

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2017 жылғы «21» шілде

БЖЗҚ-ның кәсіподақ ұйымдарымен ынтымақтастығы

Алматы, Қазақстан – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының сапалы зейнетақылық қызмет көрсетуден басқа, маңызды қызметтерінің бірі - қазақстандықтардың қаржылық сауаттылығын арттыру.

БЖЗҚ филиалдық желісінің қызметкерлері қазақстандықтардың жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы білімін толықтыру мақсатында ағымдағы жылдың 6 айы ішінде кәсіпорындар мен ұйымдарда 6,6 мыңнан астам көшпелі таныстырылымдар өткізді. Бұл жиындарға 206 600-ден астам адам қатысты.

Сондай-ақ БЖЗҚ-ның Қазақстан бойынша барлық филиалында «Ашық есік күні» шарасы өткізілді. Оған кез келген ниет білдіруші азамат қатысып, Қор қызметі мен отандық зейнетақы жүйесі туралы мағлұматтар және өзінің сұрақтарына толыққанды жауап алу мүмкіндігіне ие болды.

Одан басқа, филиалдардың қызметкерлері қазір жергілікті атқарушы органдармен, бұқаралық ақпарат құралдары және қоғамдық бірлестіктермен өзара әрекеттесе отырып, дөңгелек үстелдер, тұрғындар үшін көшпелі семинарлар өткізіп жатыр.

БЖЗҚ кәсіподақ ұйымдарымен де белсенді түрде ынтымақтаса бастады. Бұл БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңеспен бірлесе атқарылған жұмыс нәтижелерінің бірі.

2017 жылғы маусым айында «БЖЗҚ» АҚ Алматы қалалық филиалы Алматы қалалық кәсіподақ орталығы және оның жетекшісі, Қоғамдық кеңестің мүшесі Жұмагүл Тәжібекованың көмектесуімен мына ұйымдарда:

- «Қазақфильм» АҚ жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық ұйымы;
- «Қазақстан теміржолшыларының салалық кәсіптік одағы» ҚҰ-ның Алматылық филиалы;
- «Санкт-Петербург кәсіподақтар гуманитарлық университеті» АҚ жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподағы, Алматы қаласындағы филиалы;
- «Волковгеология» АҚ Жергілікті кәсіподағы ҚҰ;
- «Парасат» Жергілікті кәсіподағы ҚҰ;
- Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ кәсіподақ комитетінің «Қазақстандық Білім беру салалық кәсіптік одағы» қоғамдық ұйымында кездесулер өткізді.

Көшпелі таныстырылымдар аясында Қор қызметкерлері кәсіподақ ұйымдарының мүшелерін ҚР зейнетақы жүйесін әрі қарай жаңғыртудағы негізгі бағыттармен, «электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық форматта мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу мүмкіндігі және ақпарат алудың электрондық тәсілдерімен таныстырды.

Таныстырылымдармен қатар, БЖЗҚ мобильді агенттерінің топтары салымшылардың үйлеріне барып, оларға көшпелі қызмет көрсетті. Бұл қызметтердің ішінде: салымшының деректемелерін өзгерту/толықтыру жөніндегі өтінішті рәсімдеу, жаңа редакциядағы өтініштерді беру, ақпарат беру тәсілі және ЖЗШ-дан үзінді-көшірме беру туралы келісімдер жасау секілді қызмет түрлері бар.

Кәсіподақ ұйымдарындағы түсіндіру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Зейнетақы Қоры өз кезегінде еңбек ұжымдары мен олардың жетекшілерінің жинақтаушы зейнетақы жүйесі, БЖЗҚ және оның қызметі, Қордың көрсетілетін қызметтерді үйден шықпай-ақ алуға мүмкіндік беретін жаңа сервистері жайында толыққанды ақпарат алуға деген ниеттеріне қолдау көрсетеді.

Көшпелі таныстырылымдарды рәсімдеу үшін БЖЗҚ байланыс орталығының 1418 қысқа телефон нөміріне қоңырау шалып, өтініш қалдыру қажет.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz